

Жатыс септігі

1-тапсырма. Тест сұрақтарына жауап бер.

1. Жатыс септігінде тұрған сөзді табыңыз:

- А) Ауылдан келді
- Ә) Қалада тұрады
- Б) Мектепке барды
- В) Кітапты оқыды

2. Жатыс септігінің сұрақтарын көрсетіңіз:

- А) Кімді? Нені?
- Ә) Кімге? Неге? Қайда?
- Б) Кімде? Неде? Қайда?
- В) Кімнен? Ненен?

3. Сөйлемді толықтырыңыз: «Біз жазда ауыл... демалдық».

- А) -ға
- Ә) -да
- Б) -дан
- В) -ды

4. Қай сөзде жатыс септігінің жалғауы дұрыс жалғанбаған?

- А) Мектепте
- Ә) Сабақта
- Б) Көшеде
- В) Досымды

5. «Қашан?» деген сұраққа жауап беретін жатыс септігіндегі сөзді табыңыз:

- А) Орманды араладық
- Ә) Биыл сегізінші сыныпта оқимын
- Б) Кешке кездесеміз
- В) Қыста күн суытады

2-тапсырма. Мына тұжырымдардың дұрыстарына «+» белгісін белгіле.

1	Жатыс септігі іс-әрекеттің, заттың мекенін (орнын) немесе мезгілін (уақытын) білдіреді.	
2	Жатыс септігінің жалғаулары: -ны, -ні, -ды, -ді.	
3	«Мен сағат бесте келемін» деген сөйлемдегі «бесте» сөзі жатыс септігінде тұр және ол «қашан?» деген сұраққа жауап береді.	
4	Тәуелдік жалғауының 3-жағынан кейін жатыс септігінің -нда, -нде жалғаулары жалғанады (мысалы: мектебінде, ауылында).	
5	«Асаннан кітап алдым» деген сөйлемдегі «Асаннан» сөзі жатыс септігінде тұр.	

3-тапсырма. Сөйлемді толықтыр. Сөздерді жатыс септігінде қолдан.

Керекті сөздер: мектеп, мамыр, қол, үстел, інісі.

Оқушылардың жазғы демалысы _____ басталады.

Біздің сыныптың оқулықтары _____ жинаулы тұр.

Бүгін _____ қызықты концерттік бағдарлама өтті.

Оның кішкентай _____ жаңа ойыншық бар.

Бала кітапты екі _____ ұстап, мұқият оқып отыр.